

"Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жөніндегі тексеріс парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 232-Ө және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 293 бірлескен бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 315-Ө және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 300 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 4 желтоқсанда № 8122 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 431 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 474 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 24.06.2015 № 431 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.06.2015 № 474 (алғаш ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 17-бабының 38-тармағына сәйкес және 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 15-бабының 1-тармағын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. «Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жөніндегі тексеріс парағының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 232-ө және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 қыркүйектегі № 293 бірлескен бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылы 30 қыркүйекте № 7222 тіркелді, 2011 жылғы 22 қазанда № 508-509 (26901), 2011 жылғы 27 қазанда № 517 (26909) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген, Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жөніндегі тексеріс парағында: реттік нөмірі 13 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

13.	Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға ластаушы заттар шығарылған және төгілген авариялар туралы ол анықталған кезден бастап екі сағат ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауы	
-----	---	--

»;

реттік нөмірі 38 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

38.	Жану мүмкіндігін немесе адамдардың улану ықтималдығын болғызбау мақсатында пирофорлық шөгінділерді, шламды мен кернді көму жобаға сәйкес және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органы мен жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша жүргізілуі.	
-----	--	--

»

;

реттік нөмірі 46 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

46.	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жерасты су объектілеріне шекті жол берілетін зиянды әсерлердің нормативтерінің сақталуы.	
-----	--	--

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 57-1 қатармен толықтырылсын:

«

57-1.	Жер қойнауын пайдаланушы гидрогеологиялық, оның ішінде өздігінен ағып шығатын және барлау ұңғымаларын, сондай-ақ пайдалануға жарамсыз немесе пайдаланылуы тоқтатылған ұңғымаларды реттегіш құрылғылармен жабдықтауы, консервациялауы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жоюы.	
-------	--	--

»;

реттік нөмірі 61 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

61.	Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органдармен, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген жер асты сулары объектілеріне зиянды әсер етудің жол берілетін шекті нормативтерін сақтауы.	
-----	---	--

»;

реттік нөмірі 69 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

	Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салуға, реконструкциялауға, пайдалануға, консервациялауға, жоюға, қоршаған ортаны қорғау, су	
--	--	--

69.	қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органының оң қорытындыларының болуы.	
-----	---	--

»;

реттік нөмірі 84 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

84.	Бұрғылау платформасы (баржа) және оған қызмет ететін кемелер сарқынды суларды тазарту мен залалсыздандыруға немесе сарқынды суларды жинауға, сақтауға және кейін арнаулы кемелерге немесе жағалаудағы қабылдау құрылғыларына беруге арналған қондырғылармен жабдыкталуы. Қоқысты жинау немесе өңдеу (ұнтақтау немесе сығымдау) үшін тиісті құрылғылар көзделуі. Бұрғылау платформаларында (баржаларда) қоқыс жағылмауы.	
-----	---	--

»;

реттік нөмірі 85 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

85.	Кез келген құрылыс және өзге де жұмыс түрлерін жүргізген кезде судың терең қабаты мен теңіз түбінде жару жұмыстарын пайдалануға тыйым салынады. Теңіз түбіндегі жару жұмыстарына қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың рұқсаты бойынша жүзеге асуы.	
-----	--	--

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 92-1 қатармен толықтырылсын:

«

92-1.	Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде, мұнай мен құрамында мұнай бар жүктерді тасымалдайтын әрбір теңіз құрылысында және әрбір кемеді төгілудің зардаптарын шектеу және жинау үшін материалдар мен абсорбенттер орналастырылуы.	
-------	---	--

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 97-1 қатармен толықтырылсын:

«

97-1.	Теңізде өндіретін мұнай операцияларын жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушы Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде өндірістік экологиялық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес ұңғымалар сағаларында қадағалау және өлшеу арқылы өндірістік процестерге мониторинг жүргізуі.	
-------	--	--

»;

реттік нөмірі 100 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

100.	Каспий теңізіне жануарлар және өсімдіктер дүниесі объектілерінің кездейсоқ кіруін болғызбау үшін бұрын өзге су бассейндерінде жұмыс істеген жабдық пен аппаратураны, сондай-ақ кемелерді пайдалануға экологиялық тексеруден және мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық сараптамадан өткізілуі.	
------	--	--

»;

реттік нөмірі 103 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

103.	Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу заңнамасының талаптарына сәйкес сусымалы материалдарды, химиялық реагенттер мен қауіпті жүктерді тасымалдау	
------	---	--

	олардың қоршаған ортаға жайылуын болдырмайтын жабық контейнерлерде және арнаулы ыдыстарда жүзеге асырылуы.	
--	--	--

»;

реттік нөмірі 107 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

107.	Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағында шаруашылық қызметін жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы өндірістік қызметті жоспарлау және одан әрі жүзеге асыру кезеңінен бастап жыл сайын (төрт климаттық маусым бойынша) барлық келісімшарт аумағы бойынша қоршаған ортаға өндірістік мониторинг жүргізуі.	
------	---	--

»;

реттік нөмірлері 115-116 қатарлары мынадай редакцияда жазылсын:

«

115.	Қалдықтарды қалпына келтіргенге немесе өндегенге дейін үш жылдан аспайтын немесе оларды көмгенге дейін бір жылдан аспайтын мерзімге қауіпсіз сақталуына арналған қалдықтарды уақытша сақтау орындарының бар болуы.	
116.	Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде көзделген жағдайларда, қалдықтардың меншік иесі қалдықтардың көлемін бірте-бірте азайту мақсатында оларды басқару бағдарламасын әзірлеуі.	

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 117-1, 117-2 қатарлармен толықтырылсын:

«

117-1.	Қалдықтарды кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді немесе олардың көлемін және қауіпті қасиеттерін өзге де тәсілдермен азайтуды жүзеге асыратын, сондай-ақ өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырумен байланысты қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеуі	
117-2.	Қалдықтарды басқару бағдарламасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісімнің бар болуы.	

»;

реттік нөмірі 119 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

119.	Қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты кәсіпорындарды, ғимараттарды, құрылыстарды, құрылыс-жайлар мен өзге де объектілерді пайдалану кезінде жеке және заңды тұлғалардың: 1) оларды қайта өңдеу, кәдеге жарату, залалсыздандыру және қауіпсіз жою не осы іс-шараларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға беру арқылы оларды азайту жөніндегі шараларды көздейтін қалдықтарды орналастыру нормативтерінің жобасын әзірлеуі; 2) ең жаңа ғылыми-техникалық жетістіктер негізінде қалдықты аз шығаратын технологиялар мен қалдықтардың құралуын төмендету жөніндегі ұйымдастыру шараларын енгізуі; 3) қалдықтар мен оларды орналастыратын объектілерге түгендеу жүргізуі; 4) қалдықтар орналастырылған объектілердің аумақтарында қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізуге; 5) қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табыс етуі; 6) қалдықтармен жұмыс істеуге байланысты авариялардың алдын алу жөніндегі талаптарды сақтауға және оларды жою жөнінде шұғыл шаралар қолдануы.	
------	--	--

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 127-1, 127-2 қатарлармен толықтырылсын:

«

127-1.	Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды сақтау пункттері жойылуы қиын органикалық ластауыштардың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін болғызбауды қамтамасыз ететін қорғаныс құралдарымен жабдықталуы.	
127-2.	Жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтарды есепке алу қатаң есептілік журналында жүргізілуі.	

»;

реттік нөмірлері 137, 157, 158, 159, 164, 179 және 183 қатарлары алынып тасталсын;

реттік нөмірі 136 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

136.	Қалдықтар полигондарын орналастыру мен салу жобалары Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде (бұдан әрі - Кодекс) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардан өтуі.	
------	---	--

»;

реттік нөмірі 150 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

150.	Қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының әрбір секция бойынша газ мониторингін жүргізу әдістемесіне сәйкес тұрмыстық қатты қалдықтар полигонының әрбір секциясы үшін газ мониторингі жүргізілуі.	
------	---	--

»;

реттік нөмірлері 165-170 қатарлары мынадай редакцияда жазылсын:

«

165.	Атмосфераға озонды бұзатын заттар шығарындыларының көздері бар заңды тұлғалар парниктік газдар шығарындыларын және озонды бұзатын заттарды түгендеу ережесіне сәйкес тәртіппен озонды бұзатын заттардың шығарындыларына жыл сайынғы түгендеу жүргізу жолымен өндірістік бақылауды жүзеге асыруы.	
166.	Экологиялық қызметтерді ұйымдастыру туралы және озонды бұзатын заттарға өндірістік бақылау жүргізуге жауапты тұлғалар туралы мәліметтер, сондай-ақ озон бұзатын заттарды түгендеу нәтижелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етуі.	
167.	Жеке және заңды тұлғалардың табиғат қорғау ісін жобалау, нормалау және экологиялық аудит жөніндегі қызметі Кодекстің 40-бабына сәйкес шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге арналған лицензияның бар болуы.	
168.	Кезеңдерге сәйкес қоршаған ортаға әсердің оған ілеспе бағалау материалдарымен бірге қоршаған ортаға әсер етуші межеленіп отырған қызметтің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасына экологиялық сараптама қорытындысының бар болуы.	
169.	Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың оларға ілеспе материалдарымен бірге мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалар жобаларына экологиялық сараптама қорытындысының бар болуы.	
170.	Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттар жобаларына экологиялық сараптама қорытындысының бар болуы.	

»;

реттік нөмірі 173 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

173.	Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын алу мен пайдалануға арналған биологиялық негіздемелерге экологиялық сараптама қорытындысының бар болуы.	
------	--	--

»;

реттік нөмірлері 176-178 қатарлары мынадай редакцияда жазылсын:

«

176.	Осы аумақтарды экологиялық зілзала немесе төтенше экологиялық жағдай аймақтарына жатқызуды негіздейтін аумақтарды зерттеу материалдарына экологиялық сараптама қорытындысының бар болуы.	
177.	Шектес мемлекеттердің қоршаған ортасына әсер етуі мүмкін немесе оны жүзеге асыру үшін шектес мемлекеттермен ортақ табиғи объектілерді пайдалану қажет болатын не шектес мемлекеттердің Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалған, оның ішінде «Байқоңыр» кешені бойынша мүдделерін қозғайтын шаруашылық қызмет жобаларына экологиялық сараптама қорытындысының бар болуы.	
178.	Қазақстан Республикасына өткізілетін (әкелінетін) технологияларды, көлік құралдарын қоспағанда, техникаларды және жабдықтарды қолдану жөніндегі құжаттамаға экологиялық сараптама қорытындысының бар болуы.	

»;

реттік нөмірі 186 қатары мынадай редакцияда жазылсын:

«

186.	Қоршаған ортаның өндірістік мониторингі Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген өндірістік немесе тәуелсіз зертханаларда жүзеге асырылуы.	
------	--	--

».

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Экологиялық заңнама және құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Д. В. А к р а ч к о в а) :

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң оны ресми жариялауды;

3) осы бірлескен бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі Б.Т. Әбдішевке жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау*

*Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда*

министрі
Н. Қаппаров _____
«__» _____ 2012 жыл

министрі
Е. Досаев _____
«__» _____ 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК